



АБАЙЛАҢЫЗ: АЛАЯҚТАР!

"Алаяқтық" анықтамасына әртүрлі салалардағы, соның ішінде банк қызметі, ұялы байланыс және заманауи ақпараттық технологиялар саласындағы көптеген заңсыз әрекеттер жатады.

ӨЗІҢІЗДІ АЛДАУҒА ЖОЛ БЕРМЕҢІЗ!

ИНТЕРНЕТ АЛАЯҚТАР:



САТУ ТУРАЛЫ ХАБАРЛАНДЫРУ

Алаяқ сатушылар тауардың ақшасын аударуын сұрайды, бірақ оны алған соң тауарды жәбірленуші тауарды алмайды.



САТЫП АЛУ ТУРАЛЫ ХАБАРЛАНДЫРУ

Алаяқ сатып алушылар тауардың ақшасын салып жіберу үшін деп банк картасының реквизиттерін немесе смс-кодты айтуын сұрап, ақшаны ұрлайды.



ДОСТАРЫҢЫЗДАН ХАБАРЛАМА

Алаяқ сіздің таныстарыңыздың әлеуметтік желілері арқылы сізден түрлі себептер бойынша ақша аударуыңызды сұрайды.

ТЕЛЕФОН АЛАЯҚТАРЫ:

АПАТ ТУРАЛЫ ҚОҢЫРАУ

Алаяқтар сізге қоңырау шалып өздерін мемлекеттік қызметкер немесе көмектесуші ретінде таныстырып, жақыныңыз қиын жағдайға тап болғандығын айтады да, ақша салуыңызды сұрайды.

БАНК КАРТАСЫНЫҢ БҰҒАТТАЛУЫ

Банк картасының бұғатталуы жайында хабарлама келеді. Хабарламаның төменгі бөлігінде телефон нөмері көрсетіледі. Алаяқтың мақсаты – банк картасының жеке кодын біліп алу.

ТЕЛЕФОНДАҒЫ ВИРУС

Алаяқтар телефондарға зақымдалған сілтеме жіберіп, сол бойынша өтуіңізді сұрайды, содан соң телефоныңыздағы банк картасы жайлы мәліметтерді алып алады. Телефоныңызға антивирус орнатып алыңыз және күмәнді сілтемелерді баспаңыз.



ҰТЫСТЫ ОЙЫНДАР

(ЖОҒАЛҒАН САЛЫМ ҮШІН ӨТЕМАҚЫ)

Алаяқтар сізге хабарласып «қаржылық пирамидаға» салған ақшаңыз арқылы ұтысты болғаныңызды айтады. Және сіздің оны тек белгілі бір сомманы төлеу арқылы ғана ала алатыныңызды айтады.



НАШАҚОРЛЫҚ – қоғам дерті...

ҚЫМБАТТЫ ДОС!

Егер сенде қиыншылықтар, шешімі табылмайтындай түрлі мәселелер, ал жаныңда олардың барлығының шешімін табу үшін бір ғана есірткіні қолдану деп айтса,

СЕНБЕ!

Егерде сен оны пайдалансаң, өз бетіңше қалыпты өмірге қайта орала алмай қаласың.

Наша – бұл У!

Біз саған бұның қалай екенін өз тәжірибеңде білмеуіңді тілейміз.



НАША МӘСЕЛЕНІ ШЕШПЕЙДІ, ТЕК ЖАҢАСЫН АЛЫП КЕЛЕДІ...

Нашақорлық-бұл физикалық ғана емес, сонымен бірге моральдық ауру. Есірткі ерік-жігерді парализдейді және адамды басқара бастайды. Нашақор біртіндеп өзінің адамгершілігін, ойлау қабілетін жоғалтады. Достарын, отбасын, жұмысын жоғалтады, қылмыс жасайды, өзіне және басқаларға қауіпті болады.

**Нашақорлыққа
жол жоқ!**



ӨМІРІҢІЗДІ ҚОР ҚЫЛМАҢЫЗ!



ЖАСТАР ЕСІРТКІНІ НЕГЕ ҚОЛДАНАДЫ?

1. *Көңіл көтеру үшін;*
2. *Жаңа сезімдерді көру үшін;*
3. *Қызығушылық сезімінен;*
4. *Басқа жасар жұмыс болмаған соң;*
5. *Достарының, таныстарының ықпалымен;*
6. *Ересек нашақордың ықпалымен.*



ЕГЕР САҒАН ЕСІРТКІ ҰСЫНСА НЕ ІСТЕУ КЕРЕК?

Нақты «ЖОҚ!» деп жауап беру. Бұлы жауапты сенің ата-анаң қарсы болғандықтан емес, өзің қалағандықтан айту керек.

Сен өзіңнің болашағыңды, денсаулығыңды, өміріңді тәуекелге тікпеуің қажет. Сенің есірткіден бас тартуың сендегі жауапкершілікті және ерік жігерді көрсетеді.



Ата-аналарға ЖАДЫНАМА!

- Бала - бұл 18 жасқа толмаған (толық жас) адам.
- Баланың заңды өкілдері – ата-ана, бала асырап алушылар, қорғаншы, қамқоршы, патронат тәрбиелеуші, баланы қабылдайтын ата-аналар Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес балаға қамқорлық жасауды, білім, тәрбие беруді, оның құқықтары мен мүдделерін қорғауды жүзеге асыратын олардың орнындағы басқа да адамдар.

Баланың ата-аналарына, заңды өкілдеріне айыппұл салмас үшін нені білу керек?

Ата-аналарға, заңды өкілдерге кәмелетке толмаған балалардың заңды өкілдерінсіз түнде ойын-сауық мекемелерінде немесе үйден тыс жерлерде жүргені үшін:

- кешкі 22.00-ден таңғы 6.00-ге дейін ойын-сауық мекемелерінде болса - 3 [АЕК](#) мөлшерінде айыппұл салынады;
- түнгі 23.00-ден таңғы 6.00-ге дейін үйден тыс жүретін болса – ескерту жасалынады.

Балаларымыздың қауіпсіздігін қалай сақтай аламыз?



Мүмкіндігінше балаңызды жолда жүру ережелерімен таныстырыңыз.



Балаңызға қауіпті болуы мүмкін деген техниканы электр қуатынан ажыратып жүруге тырысыңыз.



Балаңызға балкон, терезеге шығуға болмайтындығын түсіндіріп, қайталап жүріңіз.



Балаңызды үйде жалғыз қалдырмаңыз, жалпы қараусыз қалдырмауға тырысыңыз.



Балаларыңызбен сенімді қарым-қатынас құра біліңіз.



- Балалар, жол деген не?

«Жол» деген сөздің өзі көлік құралдары мен жүргіншілер қозғалатын аумақ ұғымын қамтиды. Бұл қалалар мен елді мекендер, олардан тыс жерлердегі жолдар, көшелер мен бұрылыстар. **Жол көліктер мен жаяу жүргіншілерге** арналған деп екіге бөлінеді.



- Тротуар деген не? Тротуар сөзі француз тілінен аударғанда «жаяу жүргіншіге арналған жол» дегенді білдіреді. Тротуар үстінде қандай да болмасын ойын ойнауға немесе жүгіруге болмайды.

Жол жиегінің бойындағы қапталдар не? Бұл – жол жиегі мен тротуар аралығын бөліп тұру үшін қаланған арнайы тас қаптал. Оны **БОРДЮР** деп атайды. Бордюр француз тілінде «бір нәрсені жиектеуге арналған жолақ» деген сөз. Кейбір балалар осы бордюрдің үстімен жүруді қызық көреді. Ондай жағдайдың ақыры қайғылы оқиғаға соқтыруы мүмкін.



Балалар! Жол бойындағы сызықтар мен белгілерді **«Жол белгілері»** деп атаймыз. Біз үнемі тротуармен жүре бермейміз. Көшеден өтетін кезде қалай өтеміз? Біз көшеден тек жаяу жүргіншілер өтпесі арқылы өтуіміз керек. Оны «Зебра» (жолақ жол) деп атайды.

Балалар, жолдағы жол белгілері не үшін керек деп ойлайсындар? Жол белгілері жолдарда қозғалысты реттеуге көмектеседі. Жүргізушілер мен жаяу жүргіншілерді жол апаттарынан сақтануды ескертеді, қайда баруға болады және болмайтындығын көрсетеді.



Жаяу адамның міндеттері

1. Жаяулар тротуардың немесе жаяу жолдың оң жағымен, ал олар болмаса, жол жиегімен немесе велосипед жолымен жүруі тиіс.
2. Жолдан өтіп бара жатқанда жаяулап себепсіз кедергі немесе тоқтап қалмауы тиіс. Көшеден өтпес бұрын алдымен сол жаққа, ал көшенің ортасына жеткенде оң жаққа қарау керек.
3. Жарқылдақ маягі және арнаулы дыбыс белгісі қосылған көлік жақындағанда жаяулар жолдан өтпей тоса тұруы керек.
4. Қараңғыда жүргізушілер көлік айдап бара жатқанда, жаяу адамдар үстіне жарық қайтарғыш тағып алу керек.



Стандарттар бойынша, жол белгілері бірнеше топқа бөлінеді:

1. ескерту белгілері
2. басымдылық белгілері
3. тыйым салу белгілері
4. ақпараттық-көрсеткіш белгілері
5. қызмет көрсету белгілері
6. қосымша ақпараттық белгілер (тақташалар).

